Мы изучаем и исследуем биогеоценоз как уровень организации живой материи и предмет исследования синэкологии. Синэкология является моделью творческой лаборатории, позволяет обширно рассматривать разные задания. Примеры тем для раскрытия: «Формы экологических взаимоотношений» (нейтрализм, конкуренция, мутализм, симбиоз, сотрудничество, комменсализм, паразитизм, хищничество), «Основные экологические понятия» (экосистема, биогеоценоз, фотопериодизм, абиотические и биотические факторы, биом, биомасса и т.д.), «Организм и среда» (экологические задачи - тексты экологических задач взяты из методической литературы), «Пищевые цепи» (редуценты, продуценты, консументы) и т.п.

Для организации и проведения занятий используем такие формы и методы, как семинары, экологические дискуссии, тестирование, исследовательско-практические работы, защиту творческих работ, экологическую экспресс-информацию.

При проведении занятий, изучая региональные компоненты Павлодарской области, воспитываем студентов в духе экологической культуры бережного отношения и рационального использования природных ресурсов.

С целью научно-исследовательской организации труда обязательно используем памятки, алгоритмы работы, опорные таблицы и схемы изучаемого материала, распределенного на несколько тем. В каждой выделены исследовательские задания.

На занятиях, рассматривая эти темы, можно демонстрировать фильмы, слайды, решать задачи экологического содержания. В курсе «Биоэкологии» углубляется знание о биологической природе кругооборота биогенных элементов, роли геохимических и биохимических процессов.

Как следствие, формируется целый ряд предметов фундаментального экологического образования: общая экология, социальная экология, прикладная экология и т.д., где создаются условия для профессиональной идентификации студента, для выбора квалификации. На следующем этапе студенты усваивают мировоззренческие представления о системе «человек-общество-природа», осуществляется интеграция исследовательской и научно-педагогической деятельности в этой области; создаются ситуации, стимулирующие его творческое саморазвитие.

Важнейшим аспектом современного экологического образования является научная пропаганда того, что экологические законы касаются и материальной и духовной культуры и, таким образом, влияют на социальные процессы. Охрана природы через обратную связь возвращается к нам охраной благополучия человека. Придерживаясь столь однозначной формулировки, нельзя, однако, позволить себе впасть в «новый антропоцентризм» и упустить проблему гуманной заботы о природе. Необходимы широкий подход к теме «человек-общество-природа» и знания не только общей экологии, но и социальной экологии, включения этого предмета в весь объем просветительского и образовательного процесса.

Необходимо отметить, что формирование экологического мировоззрения проводится не только на биологических и экологических дисциплинах, которые непосредственно связаны с профессиональной подготовкой студентов «Биология» и «Экология», но в ряде других дисциплин по техническим и сельскохозяйственным специальностям. Примером может служить дисциплина «Экологическая биотехнология», «Таможенный контроль», «Ветеринарно – санитарный контроль», которые изучаются студентами специальностей «Биотехнология», «Ветеринарная санитария», «Технология производства продуктов животноводства». В процессе изучения профессиональных дисциплин изначально происходит личностное развитие и саморазвитие студента, усвоение им культурных и природных приоритетов и ценностей на образном и эмоциональном уровнях. В соответствии с данной доминантой организуется обучение по всей общеэкологической программе. В последствие усваиваются необходимые образовательные и методические знания, складывается профессиональная компетентность будущего специалиста.

Важная роль в формировании экологической культуры общества отводится социальным институтам. Так, Н.Н. Храменков выделяет четыре основных типа экологических социальных институтов, которые в зависимости от своих функций разделяются на практические, научные, педагогические и управленческие. Большое значение при этом придается средствам массовой информации (печать, радио, телевидение).

Осмысление специфики устойчивого развития начинается с усвоения того, что в центре такого развития находится человек, который имеет неотъемлемое право на здоровую и плодотворную жизнь, что охрана окружающей среды реально должна стать важнейшим элементом процесса устойчивого развития, что общество перейдет к коэволюционному способу взаимодействия с природой, когда усилия коллективного разума будут направлены на то, чтобы обеспечить безопасность человечества во всех отношениях и реализовать стремление человека к личному и социальному благополучию [3].

Для достижения этих целей необходимо активизировать весь потенциал культуры, произвести радикальную, гуманистическую переориентацию всей системы ее ценностей, в полной мере раскрыть непреходящую значимость природы для человеческого существования.

Литература

1 Дерябо С.Д., Ясвин В.П. Экологическая педагогика и психология. Ростов-на-Дону, 1996.

2 Иващенко А.В., Панов В.И., Гагарин А.В. Эколого-ориентированное мировоззрение личности: Монография. М., 2008.

3 Носкова О.Л., Розенберг Г.С. Блеск и нищета экологического воспитания и образования (к механизмам достижения устойчивого развития) Экологический вестник Югории. 2006. Т. 3. С. 14-19.

УДК 14.35.05

ҚАРАҒАЙЛЫ ОРМАНДЫ ҚОРҒАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Нұрбаева С.А., Жаңауыл жалпы және орта білім беру мектебінің
биология мұғалімі, Шарбақты ауданы*

Қарағайлы орманды қорғауды ұйымдастыру жұмыстары қазіргі таңда өзекті мәселе. Орман шаруашылығын қорғау еліміздің ұлан байтақ байлығын сақтау болып табылады. Осы орайда жұмыста келтірілген ұсыныстар арқылы белгілі жетістіктерге жетуде өз септігін тигізетіні сөзсіз.

Защита и охрана окружающей среды в частности соснового бора - это важнейшая экологическая задача. В работе даны практические рекомендации внедрение которых благоприятно отразится в ближайшие перспективе.

Environmental protection, particularly pine forest, is one of the most important ecological objectives. The article gives practical recommendations, insfallion of which will be seen in the nearest future.

Қазақстанның ұлан байтақ жерінің төрт пайыздан астамын ғана орманды алқап құрайды. Сондықтан өмірдің өзегіне айналған орман ағаштарын сақтау, аялау, оны келер ұрпаққа қалдыру бірінші кезекте болатын маңызды іс. Сол төрт пайыз орманды алқаптың біраз бөлігі «Ертіс орманы» мемлекеттік орман резерваты мекемесіне қарасты орманды өңір.

Өткенге назар аударсақ, «Ертіс орманы» мемлекеттік мекемесінің жалпы көлемі 277961 гектарын орман алқабы құрайтын еді, міне, соның 47 мың гектары жанып кетті, яғни 22 пайыз орман жойылды. Бұл 1993 жылдан бастап болған жағдай. Қазір жоғалғанның орнын толтыру мақсатында жұмыс істеп келеміз. Орманды қалпына келтіру мүмкіншілігіміз бар. 2003 жылдан бастап 1000 гектар алқапқа қарағай көшеттерін отырғызсақ, биылғы жылы 2300 гектар жерге балапан қарағайлар отырғыздық. Яғни жылдан-жылға көлемін өсіріп келеміз. Қарағай өсіру оңай жұмыс емес. Ең алдымен қарағай тұқымдары орман бақтарында өсіріліп, бір-екі жылдан соң жаңадан өсіп келе жатқан балапан қарағайды орман алқаптарына апарып отырғызамыз [1, б. 25-27].

Біз орман туралы айтқанда қолдағыны сақтай, аялай, оның қадірін білуіміз қажет. Орман дегенің биыл жазда шауып алсаң келер жылы қайтадан өсетін шабындықтың шөбі емес. Орманды өсіру жаңа туған жас баланы аялағанмен бірдей болатын жұмыс. Оның үстіне еліміз орманға кедей мемлекет. Біз әлемдік орман қорының 22 пайызын алып жатқан Ресей немесе 16 пайызын иеленетін Бразилия емеспіз. Жер бетінде 38 миллион шақырым орман болса, соның бар болғаны 0,3 пайызы ғана қазақ жеріне тиесілі екен. Сондықтан біз үшін орманды сақтау өзекті іс болып табылады. Бәлкім бұрынғы бабаларымыз «бір тал кессең, бес тал ек» деген қанатты сөзін орманға кедей ел екенімізді біліп айтқан болар. Біз орманды өсірген, орманды аялай білген халықпыз. Табанды түрде қолға алсақ барлығын істеуге болады. Ол үшін ең алдымен табиғатқа деген жанашырлық болса, екінші жағынан орманды өсіре білуіміз қажет. Мысалы елордасы Ақмолаға көшірілгеннен кейін қаланың іргесінен 35 мың гектар алқапты алып жатқан Астана орманы егілді. Бүгінде ол үлкен баққа айналды. Ғасырлар тереңіне қарай бойласақ, Жәңгір ханның 1841 жылы көгалдандыруды қолға алып, орман шаруашылығы училищесін ашқанын көп адамдар біле бермеуі де мүмкін. Хан сол кезде шыбық кескен адамдарды жазаға тартып, дүре де соққан екен. Бүгінде тікелей Жәңгір ханның бастамасымен жүзеге асқан игі іс өз жалғасын тауып, 80 мың гектар алқапты алып жатқан ну орман ұрпағына қалды. Кейінгі кездерде біз тұрып жатқан Павлодар қаласының кейбір көшелеріндегі жиырма-отыз жылдан бері жайқалып өсіп тұрған

ағаштарымызды ортан белінен аралап кесіп, жапырақсыз қалдырып жатырмыз. Ол-өзімізге өзіміздің жасаған қиянаттың бірі. Отыз-қырық жыл бойы өскен бір түп ағаш он адамға бір жыл бойы дем алатын оттегін бөліп шығаратыны белгілі. Бір автокөлік бір мың шақырым жүріп өткенде бір адамның бір жыл бойы дем алатын оттегін жағатындығы анықталды. Сонда қаламыздың эстетикалық көркемдік жағын әсемдеумен қоса, жылдан-жылға көбейіп келе жатқан автокөліктерден бөлініп шыққан көмірқышқыл газын жұтып, оны оттегіне яғни, таза ауаға айналдырып, отырған жайқалған желектердің көлдеңінен кесіліп қалған қысқа ғұмыры адамзат баласының қайсысын болсын толғандырады. Облыс бойынша орман-тоғай, көк майса шабындықтарды қалпына келтіру жағдайы әлі де болса баяу жүріп жатыр. Табиғатты қорғау басшылықтары қоршаған ортаның ластануына мән бермейді. Қаламыздың орталық базарларындағы барлық қоқыстарды, қағаз қалдықтарын өртеу адам тынысын тарылтып, еркін демалуына кедергі келтіріп отыр. Ондай көк түтін адамның тыныс органдарының ісік ауруына әкеліп соқтыруы да мүмкін. Қала ішінің таза ауасы мол болуы үшін қала көліктері электр қуатымен жүретін трамвай мен троллейбусстарға көшірілсе, өте жақсы болар еді. Облыс орталығы әр аудан орталықтарымен жалғасатын күре жолдардың екі жақ беткейі жаз бойы өртеніп жосылған көк түтін мен қара күйеге малынып жатады. Оған тыйым салып, қалай өртеніп жатқанына көңіл бөлетін ешбір жан жоқ. Сонда облысымыздағы табиғат қорғаумен айналысатын адамдар қайда қарап отыр деген сұрақ туады. Ауылдық жерлерде, ауыл маңында, шабындық өлкелерде жас ағашты ормандарда басталған өрт екі-үш тәулік бойы жанып жатады. Оған ауыл адамдарының шамасы келмейтін уақыттары да бар. Сондықтан олар аудан орталығынан, облыстан көмек сұрайды. Ол көмек жеткенше талай жердің шөбі, орманы «қызыл тажалдың» құрбаны болып кетеді. Одан бөлінген қаншама улы көмірқышқыл газы түгелдей атмосферадағы озон қабатының жұқаруына әсер етеді. Озон қабатының жұқаруы салдарынан әлемдегі атмосфераның жылынып кетуі қаупі бүгінгі таңдағы ең елеулі мәселелердің бірі болып отыр [2, б. 8-9].

Мұның барлығын айтып отырған себебім, біз орманға, табиғат анаға деген шынайы құрмет көрсетсек, қолға алған ісімізді жүзеге асыруға толық мүмкіндік бар. Осы орайда Жаңа ауыл жалпы орта білім беру мектебінің оқушылары «Жасыл ел» бағдарламасын іске асыруда. Осы елді мекенде орналасқан Бауыртал орман шаруашылығымен Жаңа ауыл орта мектебімен тығыз байланысқан жұмыс жүргізілуде. Мектепте «Жас орманшы» ұйымы құрылған. Орманшылардың басшылығымен оқушылар орманды зерттейді, ағаш отырғызуға және оны күзетуге белсене қатысады. Бауыртал орман шаруашылығы мектепке үлескі бөліп берген. Оқушылар осы үлескіде көшеттер отырғызып күтіп баптау және қарағай ішін тазалау мен айналысады. Кәсіптік бағдар беруде насихат

жұмыстары жақсы жолға қойылған. Орман қызметкері болуға қызығушылық танытып мектеп түлектері жоғарғы оқу орнында білім алуда. Мектеп оқушылары мемлекеттің ұлттық парктерін, табиғи қорықтарын, табиғи резерваттарын қолдауға қатыстыруды көздейтін «Саябақтар шеруі» атты табиғатты қорғау шарасына Жаңа ауыл орта мектебінің оқушылары белсене қатысуда. «Ертіс орманы» мемлекеттік орман резерватымен жасалған келісімге сәйкес жазғы уақытта Бауыртал орман шаруашылығы аумағында мектеп оқушылары үшін 20 жұмыс орны ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары «Қанатты достар» атты бағдарлама аясында ормандағы құстарға астаушалар жасады. Оларға жем салып, ағаш пен бұтақтарға орналастырды. Осындай шаралардың барысында «Ертіс орманы» резерватының орманшылары балаларды жабық тамыр жүйесімен екпе көшеттерді өсу әдістерімен таныстырды [3, б. 12-16].

Болашақта Жаңа ауыл жалпы орта білім беру мектебінің ұстаздары және оқушылары:

- 1) Орманның маңызы мен құндылығын халыққа насихаттау;
- 2) Орманды туристік мақсатта пайдалануға атсалысу;
- 3) Саны аз, шипалы орман өсімдіктерін мәдени түрге көшіру, түрін сақтап қалу.
- 4) Дәстүрлі түрде ағаш егу айлығына қатысу;
- 5) «Жасыл ел» бағдарламасын жүзеге асыруға атсалысу;

Сөз соңында айтарымыз, табиғат ресурстарын тиімді пайдалануды ұйымдастыру үшін экономикалық критерийге негізделген кешенді тәсіл қажет. Жердің сұлулығы мен байлығын қорғауды жан-тәнімен жақтайтын адамдар мен табиғатты кешенді пайдалану идеясын өмірге енгізу мен айналысатын мамандардың арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Бұл айырмашылық кәдімгі «істегім келеді» мен «қолдан келеді» деген сөздердің айырмашылығындай. Бүкіл адамзат баласы болып қоршаған ортаның экологиялық тазалығына бір мезгіл көңіл бөлсе, өзіміздің Жер – Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Әдебиеттер

- 1 Т.А. Акимова Экология // М. - 1998, 25-27 б.
- 2 Ф. Бықай Қайран қара орман. Егемен Қазақстан №6, 2012 8-9 б.
- 3 Игембаева С. Ізденістер // Алматы №1, 2007 12-16 б.

УДК 811.512.122

**СӨЗДІК ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІ МЕН
ОЙЛАУЫН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

*Павлодар қаласы 39 инновациялық үлгідегі гимназиялық сыныптары
бар ЖОМ-нің қазақ тілі және әдебиет мұғалімі Абылқасова З.А.*

Сөздік жұмысы – тіл дамытудың іргетасы, оқушыны жаңа сөздер үйренуде, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда мыңызы зор. Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі.

Әдіскер ғалымдар М.Т. Баранов, А.Р. Прудникова жаттығу әдісінің маңыздылығына тоқтала келіп, «Сөздік және лексикалық жаттығуларды бір-бірімен айыру қиыншылық тудырады, олар тығыз байланысты. Өйткені екеуінің де негізі – сөзбен жұмыс жасау» – дей келіп, сөздік жұмыстарға тілді сезіну мен сөзді дұрыс түсінуі, орынды қолдана білуі, сөз тіркестерін жасау, сөйлем құрау, мазмұндама, шығарма жазуды жатқызады.

Сөздік жұмысының ерекшелігі:

тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі. Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер т.б білу арқылы баланың тілі дамиды. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Ал, сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты. Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру оқушыларға өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге сөздік жұмысы сөз арқылы оқушыны дәл ойлауға үйретеді, оның творчестволық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады. «Сөз байлығы – қоғамның байлығы және сол сияқты әр адамның байлығы. Сондықтан мектепте оқушыларға сөздік жұмысын жүргізудің маңызы зор.

Сөз байлығының аздығы оқушылардың өз ойын ауызша, әрі жазбаша, дәл, жүйелі жеткізуіне қиындық келтіреді. Сондықтан сабақта сөздік жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мәні зор.

Біріншіден, ол оқушының сөз байлығын молайтып кеңітсе, екіншіден үйренген сөздерін қатесіз, сауатты жазуға бейімдейді де, ал үшіншіден сөзді үйрену арқылы бала тіл нормасымен сөйлеп үйренеді.

Сөздік жұмысын жүргізуге мынадай негізгі методикалық талаптар қойылады:

Кесте 1 – Негізгі методикалық талаптар

Мазмұнды сөйлеу	Жүйелі сөйлеу
<p>Ойды айқын, сендіре, оқушысына немесе тандаушысына әсер етебілушеберлігі. Мұнда тиісті сөздер таңдау, фразалар құрастыру, жалпы әңгімедегі көңіл-күйді білдіре алушылық үлкен роль атқарады.</p>	<p>оқушы өз ойын белгілі бір ретпен, жүйелі түрде баяндап беретін болуы шарт. Бала өзі жақсы білетін материалын алдын-ала талдап, жинақтап, әуелі не жөнінде т.б. жобалап алуға тиіс. Сөз, сөйлемді дұрыс құрмау, ойдың күрт үзіліп, байланыссыз қалуынан, бір ойдың қайталануынан сақ болған жөн, белгілі бір жүйемен баяндауға үйренген жөн.</p>

Мәнерлі сөйлеу	Дәл сөйлеу
<p>барысында әр сөздің стилистикасына, сөздің әсеріне, көркемдік жағына көңіл бөлу керек. Бастауыш сынып оқушылары сөзге мән, мағына беріп үйренсе, үлкен жетістік, өйткені сөз арқылы ғана ойды жеткізуге болады. Мәнерлі сөйлеу тілге деген талғамды, сөзге деген сезімді тәрбиелейді.</p>	<p>баланың сөйлеу тілінде дәлділік қажет. Әрбір сөз дұрыс айтылуы, дыбысталуды керек етеді. Онсыз сөз мағынасы, әсері болмақ емес.</p>

Сөздік жұмысы оқу сабағында мынадай міндеттерді орындауды қажет етеді:

1. Балалардың сөздігін байыту, яғни белгілі бір сөздердің мағынасын түсіндіру, жаңа сөздер үйрету.

2. Белгілі және жаңа сөздерді қолдану, пайдалану аумағын, көлемін көбейту, үйренген сөздермен салыстыру арқылы жаңа контекстке пайдалану.

3. Сөздің стилистикалық рөлін және лексикалық категориясын бақылау арқылы үйрету.

4. Байланыстырып сөйлеуге көркем сөздерді пайдалану, оның грамматикалық тұлғаларын аңғарту, өмірмен байланысты жүргізу.

5. Синоним, антоним, көп мағыналы сөздерге талдау жасау, астарлы сөздердің мағынасын нақтылау.

6. бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу қорына әдеби тілге жатпайтын сөздерді ендірмеу, артық сөздерді қолданбауға үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қол жеткізу.

7. Сөз байланыстарын қолдануға мүмкіндік жасау, яғни әрбір оқушы сөйлегенде, сөйлем құрағанда мүмкіндігінше жаңа сөз қосып отыру.

Сөздікті байытудың негізгі көзі – оқулықтағы мәтін, жаттығулар, тапсырмалар және мұғалімнің сөзі. Сондықтан оқулықтардағы ұлы классик сөз маржаны ауыз әдебиет үлгілірінен мақал–мәтел, жұмбақ, жаңылпаштарды оқып, сусындап отырғандары жөн. Оқушы оқыған мәтіннің мазмұнын дұрыс қабылдау үшін, сөздік жұмыстарының мұқият жүргізілуі қадағаланады, яғни балаға түсініксіз бірде-бір сөз болмауы керек.

Мәтіндегі кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру 3 кезеңде жүргізіледі:

Мәтінді оқуға дайындық кезеңінде.

Мәтінді оқу барысында.

Мәтінді оқып шыққаннан кейін

Өлең оқу барысында сөздік жұмысы өлеңді оқымас бұрын немесе оқып болғаннан соң ғана жүргізіледі.

Осы кезеңдерге тоқталар болсақ, мәтіннің мазмұнын түсіндіруге кедергі жасайтын сөздер дайындық кезінде түсіндіріледі. Ал, тіркестері синоним, антоним, көп мағыналы сөздерді түсіндіру мәтін оқылғаннан кейін, шығарманың мазмұнын талдау барысында жүргізіледі.

Сөйтіп, мұғалім мәтінді оқуға дайындалу кезінде, біріншіден мәтінді дұрыс қабылдауға қажетті сөздерді, екіншіден оқу барысында мағынасы ұғындырылатын сөздерді, ал, үшіншіден оқушылардың сөздігіне енгізілетін сөздерді іріктеп алады.

Психологтардың айтуынша сөздік жұмысының әдістемесіндегі басты талап – сөз бен балалар санасындағы бейнені түрлі жолдармен үнемі ұштастырып отыру (өйткені сөз бейнесі санадағы нақты елес жеткіліксіз болса, туа қоймайды)

Сөздердің мағынасын ашып түсіндіру тәсілдері алуан түрлі. Оның ішіндегі бастылары:

Затты табиғи жағдайда бақылау немесе көрсету, экскурсия ұйымдастыру.

Заттың өзін немесе суретін көрсету арқылы сөздің мағынасын ашып көрсету.

Синоним сөздер қолдану: «қандай сөздермен ауыстыруға болар еді? Басқаша қалай айтар едік?» деген сияқты сұраулар қою арқылы синоним табуға оқушылардың өздерін қатыстыру.

Сөзді кейде морфологиялық құрамына қарай талдау арқылы да түсіндірген пайдалы. Мысалы: тетелестері сөзінің түбірі қайсы? т.б

Сөздерге анықтама беру арқылы түсіндіруге болады. Мысалы:

Аэродром – ұшақ ұшып, қонатын алаң т.с.с

Абстракциялы ұғымдарды түсіндіру үшін тұрмыстан мысалдар, фактілер келтіріп, әңгіме айтылады. Мысалы: батырлық, адамгершілік т.с.с. сөздердің мағынасы осы әдіспен түсіндіріледі.

Сөздердің мағынасын түсіндіруге техникалық құралдардың біраз пайдасы бар.

Сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндірумен ғана бітпейді. Ол жаңа ұғымдар жасау, заттың жаңа қасиеттерін табу, жаңа көріністерді байқау сияқты жұмыстармен тығыз байланысты. Мұндай жұмыстар оқушылардың ойын, тілін дамытады, эстетикалық талғамын арттырады.

Тіл дамытуда көркем шығармалар тілінің бейнелік құралдарын үйретудің алатын орны ерекше.

Көркем мәтінде ауыспалы мағыналы бейнелі сөздер көптеп кездеседі. Оларды танытуда оқушылармен істелетін жұмыстың бастылары:

- Мәтіннен бейнелі сөздерді табу.
- Бейнелі сөздердің, сөз тіркестерінің мән-мағынасын түсіндіру.
- Мұғалімдердің сұрағы бойынша сөз арқылы бейнелеу, көз алдына елестету.
- Осы сөздерді өздері құрастырған әңгімелерінде пайдалануын қамтамасыз ету.
- Дауыс ырғағын келтіру, мәнерлеп оқу.
- Теңеу, эпитеттер табуға жаттығулар жасау .

Қандай тіл болмасын оның лексикалық байлығы мен оралымдылығы синонимдер арқылы көрінеді. Ал, қазақ тілі синоним сөздерге ең бай тілдің бірі болып табылады. Бастауыш сыныптарда синонимдер туралы ешқандай теориялық мәліметтер берілмейді, бірақ олармен жұмыс жүреді.

Сөздік жұмыстарының ең маңызды бөліктерінің бірі – оқушылардың үйренген сөздерінің белсенділігін арттыру. Ол үшін сабақ сайын жүйелі түрде арнаулы тапсырмалар ойластырылып отыруы керек.

- Үйренген сөздерін кірістіріп сөз тіркестерін құрау;
- Үйренген сөздерін қатыстырып сөйлем құрау;
- Осы сөздерді қатыстырып мәтінге жақын әңгімелеу т.б.

Оқушы өзінің үйренген сөздерін ауызекі сөйлеу тілінде қолдана білсе, оның ақыл ойын дамытуға әсер етеді. Бұл жөнінде Л.Н.Толстой: «Балаға үйренген сөзін қолдана білуіне жағдай жасау керек, үйренген сөзін сөйлеу тілін өзінің ауызекі сөйлеуінде бір рет қолданса, ол өзінің жеке меншігіне айналады» - деп айтқан еді. Демек, сөзді орынды қолданып, оның мағынасын жетік білетін бала өз бетімен сөйлем құрап, оның мағынасын түсініп, сөйлеу тілінде шебер қолданатыны сөзсіз. Оқушыны өз ойын айта білумен бірге жаза білуге де дағдыландыру керек. Грамматиканы, синтаксисті жақсы меңгерген оқушы сөз тіркесін дұрыс біліп, сөйлем құрастыра алады. Мұғалім сөз тіркесін және сөйлемді құрату арқылы оқушыны тілдік фактілерді орынды қолдана білуге, әсіресе синонимдік қатарларды, сөзді талғап, тандап қолдануға үйретеді. Сонда ғана баланың жазған мазмұндама, не шығармасы талапқа сай болады,

жазба тілі дамиды. Ауызша тіл кітап оқу, әңгімелеу арқылы көрінсе, жазбаша тіл дамыту мазмұндама, шығарма т.с. жазу жұмыстары арқылы іске асады. Бұл жұмыстардың қайсысы болсын, сөз арқылы оқушыны дәл ойлауға, үйретуге, оның творчестволық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады. Ауызша және жазбаша (мазмұндама, шығарма) жұмыстарын дидактикалық принципке сүйене отырып оқушылардың ойы мен тілін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заман талабы қазақ тілін жас ұрпаққа үйретудің тиімді әдістемесі жасалуын қажет етіп отырғаны белгілі.

Өйткені, қазір қазақ тілінің қоғамдық қарым-қатынастың барлық саласында қолдану аясы кеңі түсуін қамтамасыз ету міндеті қойылуда. Ана тілінде дұрыс сөйлеп, сауатты жаза білу әр адамның азаматтық парызы болып саналады. Халқымыздың тарихи асыл мұрасы тілді болашақ ұрпаққа жеткізе, олардың сана – сезімдерін, дүниетанымын кеңейтіп, ой дәлдігіне сөз жүйелігіне, тіл тазалығына төсілдіру – аса игі іс. Мектептегі білім беру жүйесіне көз жіберсек, ана тілін оқытудағы басты мақсат – баланың ой-өрісіне, сөйлеу мәдениетіне үйретіп, шешен де шебер сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Сондықтан мәтінді талдауға байланысты жүргізілетін жұмыс түрлерін бір жақты ұйымдастырмай, оқушылардың сөйлеу, пікір алысу дағдыларын ұштай түсу мақсатын көздеп отырған жөн.

Сөйлеу – физиологиялық та процесс. Бала мектепке дейін – ақ едәуір дәрежеде ана тілінде сөйлеу дағдыларын алады. Ал мектепте әдеби тілдің нормасы, грамматикалық синтаксистік заңдарымен танысады. Дұрыс жаза, сөйлей біле дағдыларын жетілдіріп тіл байлығын молайта түседі.

Ал, тіл дамыту бірсыпыра ғылым өкілдерінің бірігіп шешуін талап ететін психологиялық, педагогикалық, лингвистикалық проблема.

Тіл дамыту қазіргі мектептің оқу – тәрбие ісіндегі басты проблема – оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу, сөз байлығын арттыру, ойлауын дамыту т.б. қамтиды. Баланың ойлауын жетілдіріп, тілін байыту жолдарының бірі – сөздік жұмысын жүргізу.

Сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдрды түсіндірумен ғана бітпейді. Ол жаңа ұғымдар жасау, заттың жаңа қасиеттерін табу т.с.с жұмыстармен тығыз байланысты. Мұндай жұмыстар оқушының ойын, тілін дамытады, эстетикалық талғамын арттырады.

Тіл дамыту жұмыстары мынадай принциптерге негізделі жүргізіледі:

Сөйлеумен ойлаудың бірлігі принципі

Ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір – бірімен байланыстылық принципі.

Грамматика, орфография, пунктуация және әдебиетпен байланыстыра жүргізу принципі.

Сөздік жұмысын үнемі бір қалыпта жүргізуден оқушы жалығады. Сол себепті оны мүмкін болғанынша, түрлендіріп отырған жөн. Осы мақсат тұрғысынан жүргізілген жаттығу жұмысының бірінде көркем мәтінде кездескен мағынасы түсініксіз сөздерді оқушыларға бірде олардың синонимдері арқылы түсіндірсек, енді бірде қарсы мәнді сөздерді ойластырамыз. Мұндай жаттығу жұмыстары түрленіп қана қоймайды, бұл тапсырманы орындау нәтижесінде тіліміздегі сөздердің жақын мағыналы және қарама-қарсы мәнді болып келетінін таниды. Сөйтіп, олар білімнің жаңа бір басқышына көтеріледі.

Сондай-ақ затты табиғи жағдайда бақылау, экскурсия, суреттерді және анықтама беру арқылы, морфологиялық құрамына қарай талдау арқылы сөздердің мағынасын түсіндіруге болады.

Сонымен бірге тіліміздегі архаизм, неологизм, жергілікті сөздерге де арнайы жаттығулар жүргізуге болады.

Мұндай жұмыстар оқушының ойлауын дамытып, орынды сөйлей білуге үйретеді, сөздігін жаңа ұғымдармен молайтып, логикалық ойлауын жетілдіре түседі. Оқу сабағында мәтінді дұрыс қабылдау үшін сөздік жұмысын жүргізбейінше, мақсатқа жету мүмкін емес. Сондықтан сөздік жұмысы сабақтың өн бойынан орын алу керек.

Әдебиеттер

- 1 Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – Алматы 2005.
- 2 Бектуров Ш.Қ. Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. Алматы Атамұра 2006.

УДК 165.745

ФЕНОМЕН ЧЕЛОВЕКА В ФИЛОСОФИИ

Сыздыкова Д.Т., к. филос н., доцент

Альназарова Г.Ж., магистр философии

Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)

Статья посвящена проблеме человека в философии. Актуальность данной темы связана с обострившимися в современном мире проблемами сохранения самого человека, его идентичности, культуры, духовности, в связи с социальными, технологическими и техногенными воздействиями на людей, параллельно идущими с процессами глобализации.

Дискурсы философского познания социальной действительности предполагают различные подходы к разработке понятия «феномен

человека». Исследование сути природы человека, его социального бытия и духовной жизни, выявление соотношения объективной реальности и субъективной рефлексии, духовного и материального принадлежат к вечным вопросам, которые волнуют философию на протяжении тысячелетий. Функциональный подход к природе человека обусловил создание целой галереи «образов человека»: человек разумный (Сократ), человек умелый (Б. Франклин), человек играющий (Й. Хейзинга), человек деятельный (И. Кант, И.Г. Фихте, К. Маркс), человек бунтующий (А. Камю), человек символический (Э. Кассирер) и пр.

В XXI веке возникает вопрос о сохранении самого человека как социального и биологического вида, его культуры, образа жизни, а также ценностей и нормативов, которые были выработаны человечеством. Все это находит отражение в исследованиях отечественных ученых, тем более, когда стоит вопрос о сохранении личности человека, идентичности граждан Казахстана.

Проблема человека всегда находилась в центре общественного сознания и являлась одной из основных тем человечества. Однако, факторы становления личности человека в новую эру не осмыслены и не проанализированы окончательно. Интерес к проблеме человека связан с обострившимися проблемами сохранения самого человека, его идентичности, культуры, духовности, в связи с социальными, технологическими и техногенными воздействиями на людей, параллельно идущими с процессами глобализации. К не менее важным проблемам относится исследование факторов, ведущих к разрушению культуры, расшатывающих мировоззрение человека, изменяющих ценности. Все это ведет к уничтожению достойных для человека жизненных ориентаций, исчезновению духовности. Поэтому по инициативе Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева разработана Государственная программа «Культурное наследие». Программа предусматривает создание целостной системы изучения огромного культурного наследия народа, в том числе и современной национальной культуры, фольклора, традиций и обычаев; воссоздание историко-культурных и архитектурных памятников, имеющих особое значение для национальной истории; обобщение многовекового опыта национальной литературы и письменности; создание на государственном языке полноценного фонда гуманитарного образования на базе лучших достижений мировой научной мысли, культуры и литературы.

Человечество вступило в новую эпоху своего развития, это случилось в процессе постоянно ускоряющейся жизнедеятельности людей. Отличительная черта нашей эпохи – глобальный кризис, охвативший все сферы общественной жизни: экономическую, политическую, социальную и духовную. Человек неумолимо становится другим и далее продолжает меняться, наблюдаются изменения в его психологии и мировоззрении, в кругозоре, восприимчивости, душевных переживаниях, аналитических

способностях. Как пишет Э. Тоффлер в работе «Третья волна»: «Ибо если посмотреть вокруг, мы повсюду обнаруживаем свидетельства психологического истощения. Как будто бомба взорвалась в нашей общей «психосфере». Мы фактически переживаем не просто разрушение техносферы, инфосферы или социосферы Второй волны, но также распад ее психосферы». Главная примета нового времени, его содержательная сторона состоит, как представляется, в том, что современный человек создал мир, слишком сложный для себя как отдельно взятой личности, для своих индивидуальных и интеллектуальных возможностей. В результате он утратил способность сознавать базовые закономерности этого мира и их изменения, предвидеть последствия своих усилий и направление своего собственного развития.

Жизнь доказывает, что история человечества развивается неоднозначно и непредсказуемо. Но тема человека продолжает сохранять свою актуальность и на сегодняшнем этапе жизни людей.

Главным феноменом мира ценностей является сам человек. Это представление возникло не сразу, а стало итогом длительной эволюции общественного сознания. Уникальна и бесценна жизнь любого человека, ибо каждый человек наделен индивидуальными неповторимыми чертами. Николай Бердяев в работе «О назначении человека» писал, что ценность личности есть высшая иерархическая ценность в мире, ценность духовного порядка.

В истории философии существовали разные системы ценностей. В древнем мире утверждали, что наслаждение – высшее благо жизни, к этой точке зрения склонялись Эпикур, Аристипп и другие.

Эпикур рассуждает о жизни и смерти человека. Он считал, что «все хорошее и дурное заключается в ощущении, а смерть есть лишение ощущения». Эпикур советует жить безмятежно, находиться в состоянии атараксии, чему способствует благоразумие, умеренность.

В античной философии поворот к человеку как феномену мира ценностей осуществляет Сократ. Его в современной западной философии называют родоначальником философии человека, его первоначальной версии. Согласно Сократу, самопознание становится главной и единственной целью философии, а разум – это уникальное свойство, которое присуще только человеку. Протагор выделяет не только способность к мышлению, но и человеческую субъективность, т.е. провозглашалась относительность любого знания, любых ценностей. Для Сократа является важным выяснение природы ценностей, что есть благо, добро, зло, справедливость, мужество и, прежде всего мудрость. Согласно Сократу, человеком часто управляет страсть, удовольствие, скорбь, иной раз любовь, а чаще страх, но человеком должно управлять знание, и, прежде всего знание самого себя.

Аль-Фараби писал, что человек не может быть наделенным с самого начала от природы добродетелью или пороком, также как он не может

быть прирожденным ткачом или писцом. Он отмечал, что человек стал человеком благодаря разуму. Аль-Фараби выделил главную особенность человеческого достоинства – это хороший нрав и силу ума. Кроме того, по отношению же к людям связующим началом выступает человечность, и людям, поскольку они принадлежат к роду человеческому, надлежит поддерживать между собой мир. Как достигнуть счастья? Аль-Фараби считал, что человек достигает счастья только тогда, когда ему присуще прекрасное. Прекрасное, согласно Фараби, может быть присуще благодаря искусству философии. Интерес вызывает и философия Спинозы, ему принадлежит знаменитое выражение «не плакать, не смеяться, не проклинать, а понимать». Свобода человека, понимающего мир и себя означает победу истинной идеи над менее истинными. Согласно мыслителю, свободным в полном смысле слова может быть только мудрец, освободившийся от аффектов. Что же касается массового человека, толпы, они будут управляться мнением, страстями. Хотя люди «по природе своей склонны к ненависти и зависти», а значит, злы, они должны освободиться от чувства страха и жить безопасно. Вывод Спинозы, цель государства – в действительности есть свобода.

Высшая ценность – человек, было сформулировано И. Кантом в философии. Кант убедительно доказывает, что человек принадлежит к двум мирам, так как с одной стороны, человек – феномен материального мира, управляемого законами детерминации; он – клеточка чувственно-природного мира, в то же время человек – есть ноумен, существо сверхчувственное рационально-духовное, нравственное. Сверхзадача философии обосновать идею категорического императива. Согласно Канту, поступок будет нравственным, если следовать долгу и уважать моральный закон. Кант постоянно указывает, что человек не средство, а цель, и даже цель целей и поэтому человеколюбие является важнейшим духовным качеством человека. Человеколюбие основано на безусловном выполнении категорического императива, нравственного долга.

В XIX и XX веке проблема ценностей рассматривается мыслителями, как А. Швейцер, Б. Рассел, Х. Ортега-и-Гассет, А. Эйнштейн, а также связана с именами казахских и русских философов А. Кунанбаевым, Ш.Кудайбердиевым, П. Флоренским, С. Булгаковым, Н. Лосским. Шакарим Кудайбердиев в своей работе «Три истины» выделяет среди нравственных ценностей – уждан (совесть). Глобальные проблемы современности, появление возможности самоуничтожения человечества, социальные потрясения обострили все традиционные проблемы. Общечеловеческие проблемы, связанные с признанием абсолютной ценности жизни человека и необходимость сохранить среду обитания являются наиболее актуальными сегодня.

Человек как ценность рассматривается одним из главных философских направлений XX века – экзистенциализмом. Согласно экзистенциализму, трагизм человеческого существования заключается в

том, что человек как бы «заброшен» в предметно-физический мир. Отсюда, возникают вопросы на уровне философских рефлексий, как познать бесконечное, мир конечными средствами познания? Как вообще можно существу смертному делать выводы о мире в целом? Не впадает ли человек в ошибки, объясняя мир и пытаясь изменить его? Человек чувствует разрыв с миром (природой, социумом) и это переживается как ощущение одиночества. В истории философии Габриэль Марсель, Сартр, Карл Ясперс рассматривают человека в качестве конечного и смертного индивида, часто трагического и парадоксального, в котором лишь самосознание является фундаментальным. Следует подчеркнуть особенность экзистенциальной философии, согласно которой каждый индивид должен осознавать границы своей собственной жизни. Отсюда и ответственность человека. Человек свободен, он должен принять решение (но при этом нет никаких объективных норм и предписаний по поводу того, как определить, какого рода личностью он собирается стать). Суть экзистенциальной загадки начинается с "выбора, так как выбор является исходной точкой в присвоении человеком своей сущности, т.е. человек есть лишь то, что сам из себя делает.

Хайдеггер особо выделяет бытие человека, единственное бытие, которое способно «вопрошатель» о самом себе, бытие – экзистенция, т.е. взаимодействие человека с миром. Согласно Хайдеггеру, нельзя видеть в человеке средство, т.е. не забывать о высоком предназначении человека. Человек, идя от своего бытия, придает значение и смысл миру.

В казахской философии Шакарим Кудайбердиев в работе «Три истины» выделяет высшую ценность – это уждан – совесть, включая в это понятие человеческую скромность, справедливость, доброту. Согласно Шакариму первую истину составляет истина веры. Вторая истина – истина науки. Третья истина – это истина души – субстанциальную основу, которой составляет совесть. Совесть как изначальная потребность души и есть та истина, которая может очистить человека от нравственной скверны и поставить его на путь духовного совершенствования человека во имя согласия и счастья.

Абай Кунанбаев пытался разрешить проблемы нравственного совершенствования человека. «Адам бол» – этот основной принцип проходит красной нитью в работе Абая «Слова назидания».

Таким образом, через все философские системы и этапы проходит становление высшей ценности в философии - человек – цель.

РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ КУЛЬТУРЫ МИРА

Сыздыкова Д.Т., к. филос. н., доцент

Альназарова Г.Ж., магистр философии

Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)

Статья посвящена актуальным проблемам современного образования. Формирование культуры современного казахстанского общества невозможно без полноценного функционирования и развития системы образования.

Основным признаком развития современного общества является особая роль образования, знания и основанных на нем технологий, доминирование информации, ускорение технического прогресса, развитие сферы обслуживания, повышение качества жизни. Состояние, в которое вошло общество несколько десятилетий назад, соответствует принципиально новому состоянию культуры. Бесспорно, что новые системы связи, способные в мгновение передавать информацию практически в неограниченном объеме на любое расстояние, кардинально меняют облик человечества, ведут к принципиально новому состоянию культуры. Новый тип цивилизационного развития общества требует разработки новых ценностных ориентиров. Очевидно, что в сложившихся условиях повышается роль образования в культуре, именно, оно является ключом к решению перечисленных проблем современного мира. Нормальное существование любого общества невозможно без полноценного функционирования и развития системы образования. Место образования в жизни общества во многом определяется той ролью, которую играют в общественном развитии знания людей, их опыт, умения, навыки, возможности развития своих профессиональных и личностных качеств.

Развитие экономики все больше будет определяться не столько ресурсами, известными как «черное золото», но, в первую очередь, интеллектуальным потенциалом страны. Не случайно многие экономически развитые и бурно развивающиеся страны, разрабатывая национальные доктрины, концепции и программы устойчивого и безопасного развития включают в их состав как одно из стратегических направлений – развитие национальных систем образования. Образование является важнейшей и поэтому наиболее приоритетной функцией государства. Происходящая сейчас информатизация мира является научным и реальным фактом. Этот объективный процесс характерен и для Казахстана. Образование, знание становятся фактором, который лежит в основе экономического развития нашей страны. То, что знание

занимает ключевые позиции в экономическом развитии, превращаясь в основной источник стоимости в информационном обществе, существенно изменяет место образования в структуре общественной жизни. Новый тип цивилизационного развития, который утверждается в обществе, вызывает необходимость для специалиста в течение жизни менять профессию, постоянно повышать свою квалификацию.

Таким образом, образовательная деятельность становится важной компонентой развития современного общества. Личность в информационном обществе получает новые возможности для самореализации и развития, но для использования этих возможностей необходима активная деятельность по образованию граждан. Ход дальнейшего общественного развития во многом зависит от состояния образования в стране.

УДК 811.512.122

**ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ГРАММАТИКА ҰҒЫМДАРЫМЕН
ЕТІСТІҢ БАЙЛАНЫСЫ**

Имамбаева Ғ.Е., филол. ғ. д., профессор

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

Ахметова А.Б., филол. магистрі

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты (Павлодар қ.)

E-mail: lady.gaysha@mail.ru

В статье рассматривается взаимосвязь залога казахского языка с основными категориями функциональной грамматики.

The article examines the relationship of Voice category in Kazakh language with fundamental categories in functional Grammar.

Функционалды грамматика белгілі бір тілдік категориялардың бірлігі негізінде қызметке ие болады. Функционалды грамматика бірнеше тілдік категориялардың жүйелілік принципіне негізделетіндіктен, оның етістіктің етіс категориясымен де тікелей байланысудың арқасында функционалдық қызметі жүзеге асады.

Функционалдық грамматика қарастыратын: аспектуальдылық, темпоралдылық, персональдылық, етістілік, посесивтік, ком-паративтік, каузалдық, кондидициональдық, локативті, таксис, модальділік, сандық, кеңістік, жағдаяттық түрлерін жеткізуде етіс категориясының рөлі ерекше.

Шындап келгенде, функционалды грамматиканың әр түрі мәтін көлеміндегі сөйлемдермен нақтылана түсетіндігін біле тұра, сөйлем құрамына назар аударарлықтай тура келеді.

Сөйлемді адамдар арасындағы пікір алмасудың үлкен құралы ретінде қабылдай отырып, оның ішіндегі қимыл мен іс-әрекетті білдіретін етістік сөз табының қызметі айқындалатындығы белгілі.

Функционалды грамматиканың негізгі міндеті тілдегі барлық байланысы бар құбылыстардың ортақ қасиеттерін қарастыруы болып табылатындықтан, аталмыш грамматика мәселелерінің көріністерін қазақ тіл білімінде, көбінесе, етіс категориясы арқылы анықтауға болатындығы сөзсіз.

Функционалды грамматиканың өзіндік объектілерінің біріне: темпоралдылық - мезгіл, персональдылық - жақтылық, посесивтік-меншіктілік, компаративтік - салыстырмалы, каузальдық - себеп, локативті - мекен, таксис, модальділік, сандық, кеңістік түрлерін жатқыза келе, олардың барлығы мәтін көлеміндегі сөйлем ішіндегі қимылды жеткізетін етістік сөз табы арқылы айқындалып, субъекті мен объектіге іс-әрекеттің қатыстығын білдіреді. Ойымызды нақтылау үшін, төмендегі кестеге назар аударайық:

Функционалды грамматиканың топтау жүйелерін қарастыра келе, бұлардың барлығына етістікке тән етіс категориясының қатысы бар екендігін атап кетуге болады. Өйткені етіс категориясы әр сөйлемнің негізі ретінде белгіленетін предикативтілікпен және де, жақтылықпен тығыз байланысты.

Предикативтілік - қимылды білдіретін, етістік сөз табы, баяндауыштық қызмет атқаратындықтан, сөйлемнің негізгі қазығы болып саналады, етіспен қимылдың субъекті мен объектіге қатысы көрсетіледі.

Мысал ретінде Ж. Аймауытов шығармасынан келтірілген үзіндіде:

«Ауылдың кісілерін дереу жиғызып алып, Ақбілекті іздетуге бес кісі аттандырды» - өзгелік етісті хабарлы сөйлем. Бұл сөйлемде өзгелік етіс арқылы өтіліп жатқан қимылды жан - жақты қарайтын болсақ, функционалды грамматиканың бірнеше түрлерімен ұштасып тұрғандығын аңғаратын боламыз. Осы жерде уақыт кеңістігі де орын алып, оқиғаның жеделділігін «дереу» сөзі арқылы жеткізе тұруымен қатар, қимылға басқа бір субъектілердің қатыстығын, солармен іс-әрекеттің өтетіндігін байқаймыз, бұған қоса, таксистік құбылыс та орнығып, қимылдың әрмезгілділігі айқын көрініп тұр. Шығарма мазмұнына үңілсек, ең әуелі, адамдарды жинатқызып, содан кейін Ақбілекті іздеуге бес кісіні аттандырғызады. Шынын айту керек, бұл жерде етістің жақ категориясына қатысы бар екендігін анықтауға болады. Қандай қимыл-әрекет болмасын, белгілі бір жақтағы (бұл жерде 3 жақта) субъект арқылы жасалады. Біз келтірген сөйлемде іс-әрекет бір адамның басқаларды қимылға тарту негізінде өтетіндіктен, етіс түрі

функционалды грамматиканың формадан мазмұнға бағыт беруде бұл жерде ерекше рөл атқарады.

Етіс мағынасының сипаттамасына субъект пен объектінің арасындағы қарым-қатынастығы енеді: субъект – іс-әрекетті жасаушысы болса, объект іс-әрекетке тап болып, қимылдың бағытын көрсетеді.

Етістің әртүрлі формалары, әртүрлі сөйлем құрылымдарында қолданылатындықтан, бұл – етістікке тән, етіс категориясын, етістіктің басқа категорияларынан айырмашылығы бар. Басқа сөзбен айтқанда, етістіктің морфологиялық категорияларына қарағанда, етіс категориясы сөйлем синтаксисімен тығыз байланыста болады.

Негізінен, етіс морфология мен етістік семантикасында көрініс тапқан, қимыл-әрекеттің субъектіге қатыстығын білдіретін категория есебінде болса, екінші жағынан, сөйлем ішінде етістіктің баяндауышы мен бастауыш арасындағы қатынастықты білдіреді.

Етіс етістікке тән категория болғандықтан, функционалдық тұрғыдан оның лексика-грамматикалық табиғаты сөйлемнің нақты қазығы болатын, тек қана етістік сөз табы шеңберінде ғана айқын ашылады.

Темпоралдылық – функционалды-семантикалық категория. Ол белгілі бір категориялық жағдаяттарда сөйлеу актісінде функционалды-семантикалық өрістерден көрінеді. Яғни функционалды-семантикалық категория мен функционалды-семантикалық өрісі бір нәрсенің екі жағы сияқты, бірі – потенциалдық жағы, екіншісі – соның сөйлеу актісіндегі берілуі (реализациясы), олар өздерінің сөйлемдегі атқаратын қызметімен байланысты. Семантикалық функциялардың актуалдануының – өзектелінуінің бірнеше жолдары бар. Олар:

- 1) таза грамматикалық тәсіл арқылы;
- 2) лексикалық құралдар, немесе сөзжасамдық құралдар арқылы;
- 3) грамматикалық және грамматикалық емес тілдік құралдардың кешені арқылы. Осы аталғандарға қоса семантикалық функциялар;
- 4) морфологиялық категориялардың өз қызметінен ауытқып, *жанана қызмет атқаруы* арқылы да жүзеге асады.

Етіс тікелей етістікке тән грамматикалық категория болғандықтан, бұл жерде сабақты етістік табыс септігіндегі тура толықтауышты меңгеретін, яғни табыс септігін керек ететін етістіктер екенін айтуға тура келеді. Сабақты етістік объекті арқылы ғана пайда болады дейтініміз сөзсіз. Объекті болмаса, сабақты етістіктер болмайды. Мұнда етістің қайтесе де объектіге қатыстығы туындайды.

Етістің кеңістік ұғымына тікелей қатыстығы бар екендігін келесі сөйлемдерден аңғаруға болады. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романының бірнеше үзінділер алатын болсақ, мысалы:

«Орышаласу, түтін салысу, күлісу... мидай араласты».

«Әңгіме былай: Доға, Төлеген, Тыпаңдар бас болып, Мұқашты Сартауға болыс қылмаудың әрекетіне кіріскен еді». «Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді». «Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген

сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды; қара саба емізіктеп, қою, салқын сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды» (Ж. Аймауытов).

«Осының бәрі Қартқожаның еңсесін көтертпей, жүдетіп жүрген үстіне аяғына шарапнелдің сынығы тиіп, лазеретке жіберілді» (Ж. Аймауытов).

Кеңістік ұғымы объектілерді бақылау мен тәжірибелік пайдалану негізінде қалыптасты.

Уақыт ұғымы адамның оқиғалардың ауысуын сезінуінің нәтижесінде, заттардың жағдайының біртіндеп өзгеруі арқылы жүзеге асырылады.

Егер де жоғарғы білім берудегі жаһандану үрдісін қарастыратын болсақ, ол өзіндік ерекшеліктерге ие. Мысалы, бизнес-альянстарға қарағанда, білім беру альянстары көбінесе табыс табу үшін емес, әлемдік нарықтағы өз имиджін көтеру үшін құралады. Мысалы, бір университет ішкі нарықта әлсіз позицияда болатын, бірақ басқа елдің білім беру мекемелерімен серіктес болу нәтижесінде халықаралық танымалдылыққа ие болады. Әлемдік нарықты игерудің мұндай стратегиясын, мысалы, қытайлық білім беру нарығын игеру кезінде британ университеттері қолданады.

Білім беру альянстарының сәтті болуының басты факторы – «мәдени сәйкестік», яғни білім беру сферасында бірге әрекет ететін елдер арасында терең мәдени қарама-қайшылықтар болмауы керек. Мысалы, Ұлыбританияда шетелдік студенттер санының артуынан көрінетін жоғарғы білім берудегі жаһандануға анық алғышарттар байқалады. Мәселен, Оксфордта Үндістан мен Қытайдан келетін шетелдік студенттер үлесі артуда.

Ұлыбританияның кейбір жоғарғы оқу орындары халықаралық байланыстарды дамыту мақсатында қашықтықтан оқыту формасын белсенді түрде қолданып жүр (e-learning). Мысалы, оксфордтық университеттердің біреуінің сайтында (Oxford Brookes University, www.brookes.ac.uk, Brookes Virtual) бұл оқу орнындағы қашықтықтан оқытудың ұйымдастырылу үрдісін көруге болады. Оқудан кейінгі қорытынды жұмыс ретінде студенттердің өздік зерттеу жұмысы (Research Paper) қарастырылған.

Жалпы алғанда, шетелдік зерттеушілер қашықтықтан оқу формасын халықаралық туристік кеңістікте, бизнес пен білім берудегі өзара байланыстардың дамуы нәтижесінде жаңа экономиканы (e-economy) қалыптастыру үрдісіне қатысуға мүмкіндік беретін туризмдегі оқу үрдісін ұйымдастырудың икемді әдістерінің бірі деп атайды. Интерактивтілігіне қоса, дистанционды оқыту туризмдегі мәдениетаралық байланыстардың ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Туризмдегі қашықтықтан оқытуды сәтті ұйымдастырудың мысалы ретінде Италияның, Мальта, Англияның, Эстония мен Турцияның, басқа да елдердің оқу орындары қатысатын VocMat (Vocational Management Training for the European Tourism Industry) еуропалық жобасын атауға болады [14]. Бұл жоба туризм сферасындағы мамандар мен менеджерлерге стратегиялық менеджмент пен маркетингтегі, операционды менеджмент пен еңбек ресурстарын басқарудағы, кәсіпкерлік пен инновациядағы өз білімдерін жүйелеп, тереңдетуге мүмкіндік береді.

Жаңа экономикалық жағдайлар туризм мен қонақ үй шаруашылығы индустриясына кадрларды даярлау мен оқытудың жаңаша жолдарын қолдануды талап етеді. Шетелдердегі оқу үрдісін ұйымдастырудың кейбір мысалдарын қарастырайық.

Австриялық Кремс қаласындағы Қолданбалы ғылымдар Университетінде (IMC University of Applied Sciences Krems, ары қарай – Университет) оқу бағдарламаларында халықаралық аспектідегі карьераны дамыту мүмкіндіктеріне көп көңіл бөледі. Университетте бакалавр мен магистрлерді даярлайтын «Туризм және демалыс сферасындағы менеджмент» (Tourism Management and Leisure Industry) оқыту бағдарламасы бар. Бұл бағдарлама бойынша пәндердің түрлі елдердің жоғары білікті оқытушылары мен туризм саласындағы тәжірибесі мол қызметкерлерімен жүргізілуі қарастырылған. Мысалы, Университеттің бұл бағдарлама бойынша мамандарды даярлаудың бизнес-серіктестері – әлемнің 70 шақты еліндегі ірі әуе тасымалдау компаниялары, қонақ үй операторлары, казино, мейрамханалық мекемелер, мұражайлар мен туристік фирмалар болып табылады.

Бакалаврларды оқыту үрдісі жалпы пәндер мен мамандық бойынша пәндерді оқытумен қатар, терең тілдік дайындықты қамтиды, оның ішінде іскерлік ағылшын тілі мен қосымша таңдау бойынша екі тілді (француз, испан, итальян, чех және қытай тілдері) оқыту қамтылған.

Халықаралық байланыстар мен серіктестіктерді сақтау мен дамыту үшін Университет халықаралық жобаларға, конференцияларға белсенді қатысады, сонымен қатар, Туризм мен Қонақ үй Шаруашылығындағы Алдыңғы Қатарлы білім берудің Халықаралық Орталығының (International Centre of Excellence in Tourism and Hospitality education) ассоциацияланған мүшесі болып табылады (бұл Орталық Австралияда 2004 жылы құрылған).

Мәдениетаралық қарым-қатынастың дағдыларын арттыруда туризм бойынша халықаралық студенттік конференциялар көп септігін тигізуі мүмкін. Мысалы, 1986 жылдан бері өткізіліп келе жатқан Туризм бойынша Халықаралық Студенттік Конференция (International Tourism Students Conference). Жыл сайын бұл шараға Грецияның, Австрия, Франция, Португалияның, Нидерланды, Испания, Финляндияның, Швеция мен Германияның жоғарғы оқу орындарының студенттері мен

оқытушылары қатысады. Конференцияның негізгі мақсатты аудиториясына (студенттік қоғам) қарамастан, осы секілді іс-шаралардың ұйымдастырылуы делегация құрамында болып келетін туризм сферасындағы оқытушыларға да пайдалы. Мұндай іс-шаралардың нәтижесінде мысал ретінде, белгілі бір ел туралы қалыптасқан стереотиптерді зерттеуге және талқылауға мүмкіндік беретін нақты мәдениетаралық орта қалыптасады.

Осылайша, 23-ші Туризм бойынша халықаралық студенттік конференция 2008 жылы Мәскеу қаласындағы Г.В.Плеханов атындағы Ресей экономикалық академиясында өтті. Оған келесі елдерден келген делегациялар қатысты: Финляндия, Франциядан, Испания, Греция, Германиядан, ОАР, АҚШ, Голландия, Ресейден келген делегациялар. Конференцияның тақырыбына байланысты (MICE-туризм), конференция қатысушыларына алдын-ала екі жұмысты дайындау керек болды:

- елдегі MICE-туризмнің негізгі даму тенденцияларын қамтитын, шамамен 15 бет көлемінде жазылған ғылыми зерттеу жұмысын (Research Paper);

- тәжірибелік жұмысты (Case Study), яғни іскерлік мақсатпен саяхаттайтын туристерге ұсынуға болатындай интенсив-туризм бойынша белгілі бір туристік кәсіпті құрастыру жұмысын (шамамен 12 бет көлемінде).

Конференция барысында әдетте сайыс өткізіледі: әрбір делегация атқарылған жұмыстарының презентациясын жасайды. Ары қарай бизнесмендер мен жетекші ғалымдардан құралатын комиссия ең жақсы жұмыстарды бағалап, іріктейді, марапаттау рәсімін өткізеді. Бұған қоса, әрбір конференциядан кейін әдетте танытыру туры өткізіледі. Мысалы, 2009 жылы Нидерландыда өткен 24-ші Туризм бойынша халықаралық студенттік конференциядан кейін Бельгия, Франция мен Нидерландының астаналарына барып көруді қамтитын үш күндік тур ұйымдастырылған.

Жалпы алғанда, туризм және қонақ үй шаруашылығы индустриясына кадрларды даярлаудың шетелдік тәжірибесінен байқалатындай, бұл сфераға мамандарды даярлау үрдісіндегі халықаралық байланыстар мен қарым-қатынасты орнату мен одан әрі үнемі арттырып отыру – халықаралық масштабтағы сәтті қызмет етудің міндетті шарты болып табылады. Заманауи білім беру ортасы ол үшін көп мүмкіндіктерді тудырады: ортақ халықаралық жобалар, конференциялар барысындағы тікелей қарым-қатынастан бастап, Интернет-технологияларды және дистанционды оқыту формасын қолдануға дейінгі тәсілдердің барлығы кәсіби мамандарды жоғары деңгейде даярлау үшін көп мүмкіншіліктерді береді.

Туризм сферасындағы мамандарды даярлаудың шетелдік тәжірибесіне анализ жасау нәтижесінде оларға тән білім берудің белгілі бір ерекшеліктері бар екені анықталды:

- болашақ маманды даярлау үрдісі нақты бір кәсіпорынның оны қажет етуі анықталған жағдайда ғана басталады, яғни туристік сфера кәсіпорындарына белгілі бір бағыт бойынша қызмет ететін маман қажет болған жағдайда ол оқу орындарына тапсырыс беріп, өзіне қажетті болашақ мамандар санын оқытуға ат салысады;

- мамандарды даярлау үшін қолданылатын оқу бағдарламасы тапсырыс беруші кәсіпорынның қажеттіліктерін ескере отырып, бұл оқу бағдарламасының жүзеге асырылуын қамтамасыз ете алатын оқу орнымен құрастырылады;

- болашақ маман кәсіби дайындықтың барлық деңгейлерінен өтеді: оқушы (стажер) – студент – бакалавр – магистр – өз біліктілігін арттыру үшін оқып жүрген маман;

- тәжірибе оқу үрдісінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, мұндағы тәжірибелік сағаттар мен теориялық сабақтар саны шамалас болып келеді;

- қонақ үй шаруашылығының мамандарын даярлау өз оқу орталықтары бар ірі қонақ үй кешендерімен жүзеге асырылады (қаржыландырудың 60-80 пайызына жуығы бұл кешендердің құрамындағы кәсіпорындар есебінен жүргізіледі);

- тәжірибе барысында болашақ маман тек бір ғана қызметті үйренбей, өз мамандығы бойынша саланың барлық дерлік қызмет лауазымдарында жұмыс жасап көріп, тәжірибе жинақтайды;

- оқыту барысында студенттердің дайындық деңгейін арттыру үшін, олардың кәсібилігін, жұмысқа қабілеттілігі деңгейін жоғарылату үшін көптеген басқа елдердің оқу орындарымен, туризм сферасы кәсіпорындарымен бірлесе жұмыс жасайтынына көп көңіл аудару керек.

ӘОЖ 338.48.22(574.25)

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

*Ахметова А.Е., география магистрі,
Инновациялық Еуразия Университеті (Павлодар қ.)*

Бұл мақалада этнографиялық туризмнің теориялық аспектілері мен дамыту мүмкіншіліктері қарастырылған.

В данной статье рассматриваются теоретические аспекты этнографического туризма и возможности развития как приоритетного вида внутреннего туризма.

This article considered theoretical aspects of ethnographic tourism and development opportunities as a priority species of domestic tourism.

Қазіргі таңда туризм мемлекеттің экономикалық дамуына, жеке адамдардың қажеттілігін өтеудегі, сонымен қатар, мемлекеттер арасындағы әлеуметтік қатынастарды байытудағы рөлі мен мәні өте маңызды болып табылады. Туризм индустриясы көптеген мемлекеттердің экономикасында негізгі орындардың бірін алып келеді.

Барлық табиғи байлықты бойына жинаған кең байтақ елімізде бүгінде туризмнің қай саласын болмасын, дамытуға мүмкіндік бар. Сол туристік салалардың ішінде, әсіресе, этнотуризм саласына көп сұраныс болып тұр. Еліміздегі тарихи орындарды, жалпы этнотуризмді халықтың игілігіне айналдыру тек сыртқы туризмді дамытып қана қоймай, ішкі туризмнің дамуына да жол ашады. Қазіргі технологиялар дамыған кезде бір сәт те болса, ұлттық мәдени ортада болу көптеген адамдардың қалауы.

Еліміздегі тарихи орындарды, жалпы этнотуризмді халықтың игілігіне айналдыру – бүгінгі таңда кезек күттірмей шешілуі тиіс кешенді мәселелердің бірі. Тарихқа тұнып тұрған даламыз бен көне қалаларымызды әлемге паш етіп, көне мәдениетімізбен әлемге әйгілі болсақ әрі тарихи құндылықтарымыздың арқасында мемлекетіміздің экономикасын алға жылжытып, мол қаржы табуға мүмкіншілік бар.

Этнографиялық туризмнің «этнос», яғни аумақтық және мәдени факторлармен біріккен адамдар тобы деген сөзден шыққанын ескеру керек. Басқаша айтқанда – басқалардан өзіндік дәстүрімен, әдет-ғұрыптарымен, күнделікті тұрмысымен ерекшеленетін адамдар тобымен танысуды білдіреді. Этнотуристік бизнесті тек қана шетелдік қонақтарға ғана арнап емес, сонымен қоса белсенді өмір ырғағына үйреніп қалған, рухани демалуды іздейтін қала тұрғындарына да бағытталады.

Этнографиялық туризм деп негізгі мақсаты белгілі бір территорияда өмір сүретін немесе өмір сүрген халықтың мәдениетін, архитектурасын, тұрмыс-салтын тану, этнографиялық нысандарға бару.

Басқа сөзбен айтқанда, этнографиялық туризм халықтың күнделікті тұрмысындағы қызығушылығынан, әдеп-ғұрыптарынан, салт-дәстүрлерінен пайда болған тарихи-мәдени мұрасын танудың бір формасы. Бұл туризмнің атауы этнография ғылымынан пайда болған.

Этнография – белгілі бір халықтың пайда болып, өмір сүру ерекшелігін, тұрмыс-салтын, мәдениетін зерттейтін ғылым саласы. Этнографияның ерекше бөлімі фольклор, яғни халықтың шығармашылық ескерткіштерін: ертегілерін, әндерін, әңгімелерін, мақалдарын, дәстүрлерін, ғұрыптарын және т.б. зерттеп жинайды. XIX ғ. соңында этнография фольклор мен қоғамдық-отбасылық тұрмыстан басқа материалдық мәдениетті де (қоныс, киім, қару, өндіріс) терең зерттей бастады.

Этнос – мүшелері сыртқы бейнелерінің, әдет-ғұрыптарының ұқсастықтарына қарай немесе ортақ отаршылық не көші-қонды басынан өткерген тағдырлас тарихына қарай өздерінің шығу тектерінің бір екендігіне сенетін топ.

Этникалық мәдениет – мәдени элементтер мен құрылымдардың жиынтығы. Онда этникалық специфика сақталынады және ол этнодифференциалдық қызмет атқарады. Этникалық мәдениет белгілі бір тайпаға, ұлтқа, халыққа тән. Ол арқылы басқа халықтар этностың біртұтастығын, өзгешелігін және даралығын таниды. Этникалық мәдениетке белгілі бір этнос өкілдері қалдырған барлық заттай және рухани мәдениеттердің жиынтығын жатқызуға болады. Бұл мәдениеттің қалыптасуына табиғи орта, тіл, дін, этноним өзіндік әсерін тигізеді. Өз мәдениеті арқылы әрбір этникалық қауымдастық әлемдік өркениетке өзіндік үлесін қосады.

Басқа туризм түрлері секілді этнографиялық туризмнің де өзіндік көрсететін арнайы нысандары бар.

Этнографиялық нысан – бұл этникалық көріністің дәстүрлі-тұрмыстық мәдениеті туралы мәлімет беретін тарихи-мәдени нысан (кұбылыс).

Этнографиялық нысанды этностың мәдениетін біртума сипаттайтын белгі жүйе ретінде қарастыру керек. Біртума пішіндерге этностың қайталанбас қырларына (әшекей, орнаментация және т.с.с.) тиісті дәстүрлі-тұрмыстық бұйымдар кіреді.



Сурет 1 – Этнографиялық туризм нысандарының сызбанұсқасы

Этнографиялық туризм нысандары келесі санаттарға бөлінеді:

- *Архитектуралық ескерткіштер* – этностың дәстүрлі кейпінде және белгілі бір кезеңдегі этностың мәдени өмірімен байланысты

жасалған құрылыстар (кейде архитектордың этникалық ерекшелігі маңызды рөл ойнамайды);

- *Ғибадатханалар* – этностың белгілі бір конфессияға тән белгілерін көрсететін архитектурада дәстүрлі тәсілдермен, орнаментациямен жасалған құрылыстар;

- *Зираттар* – туған тілінде жазылған, дәстүрлі құлпытасымен және орнаменттерімен мазараттар;

- *Дәстүрлі үй-жайлар* (қоныстанбайтын, бірақ төл қалпын сақтап қалған; қоныстанатын, дәстүрлі тұрмыстық бұйымдарымен);

- *Қоныстар* – «этникалық түрін» сақтаған, этностың ескі дәстүрлі жерінде көшелерімен, үйлермен және шаруашылық құрылыстарымен бірге сақталған орын;

- *Тұрмыстық нысандар* – күнделікті дәстүрлі шаруашылықта қолданылатын заттар: құдық, фонтан, диірмен;

- Фольклорлық ансамбльмен бірге дәстүрлі киімдегі ұлттық мерекелік орын;

- Этностың дәстүрлі кәсіпшілік орны;

- Этнографиялық нысандардың *мұражайлары, көрмелері, кешендері*;

- Ұзақ уақыт бойы бір жерде бірге тұрған этностардың *архитектуралық және діни кешендері*;

- Этникалық ерекшелік тән *археологиялық нысандар*;

Туристік маршруттарға енгізетін этнографиялық мұралар екі түрде кездеседі:

а) ұлттық тұрмыс, өлкетану және ағаш сәулет өнері мұражайларындағы экспозициялар;

б) жергілікті жерге тән ұлттық шаруашылық формаларын, мәдени өмір мен салт-дәстүрлерін сақтап қалған елді мекендер.

1. *Этнографиялық мұражайлар* – түрлі халықтардың мәдениеті мен тұрмысын, әлеуметтік қарым-қатынастары мен қоғамдық құрылымын сипаттайтын жинақтардың жиналуын, сақталуын, зерттелуі мен популяризациясын жүзеге асыратын ғылыми мекемелер.

Мұражай экспозициялары белгілі бір аймақтың тұрғындарына тән ұлттық шығармашылық пен шаруалар тұрмысының заттарынан, ұлттық киім жинақтарынан құралады. Олар туристерді тарихи оқиғалармен таныстырады. Әрбір аймақта тарихи дамуы барысында өлкенің ұлттық және табиғи ерекшеліктеріне байланысты өзінің ерекше архитектуралық стилі қалыптасқан.

Ағаш сәулет өнері мұражайларында ұлттық архитектура үлгілері көрсетілген. Олар тұрғын үй құрылыстары, шаруашылық қызметтер (жел диірмендері, қамбарлар, т.б.) мен рухани құрылыстардан тұрады. Мұнда облыстың түрлі аймақтарынан экспонаттарды алып келеді. Мұражайда олар нақты жағдайларына жақын табиғи жағдайда орналасқан. Ағаш

сәулет өнері, сонымен қатар, қалалар мен ауылдарда жеке нысандар ретінде де кездеседі.

Жергілікті жерге тән ұлттық шаруашылық формаларын, мәдени өмір мен салт-дәстүрлерін сақтап қалған *елді мекендер*.

Мұндай елді мекендерді көрсетуге арналған, немесе көрмелік деп атауға болады. Және де олар тұрақты да, уақытша да болуы мүмкін, мысалы, көшпенді мал шаруашылығымен айналысатындардың немесе көшпенді аңшылар мен жинаушылардың тұрақтары. Мұндай елді мекендер арқылы өтетін туристік маршруттар көп елдерде бар. Осылайша, Мысырдағы демалыстың танымал түрлерінің бірі – туристер бәдеуилердің тұрақтарын көріп, олардың көшпелі өмірінің бір қырымен танысуына мүмкіндік беретін шөл даладағы джиппен сафари.

Көптеген туристер үшін латын американдық Перу мемлекетіне саяхаттаудың басты мақсаттарының бірі болып туристердің жергілікті халық – үндістермен, олардың ұлттық тұрмысымен танысып, көру ынтасы саналады. Ол үшін туристер елдің ішкері жатқан аймақтарына, оның ішінде Амазонка бассейнінің ормандарына барады. Мұндай жағдайда этнографиялық туризмнің экологиялық туризммен үйлесуі анық байқалады. Осы тектес маршруттар Солтүстік Үндістан мен Солтүстік Тайланд тауларында, Аустралияның ішкі аудандары мен Мұхиттық аралдарда да өткізіледі. Еуропаның кейбір елдерінде де жергілікті халық туристерді тарту үшін ұлттық киімдерді қолданады. Көп жағдайда әлемнің түрлі аймақтарында туристер жарқын ұлттық мерекелер мен фестивальдердің куәсі, тіпті кейде қатысушысы болады. Ұлттық өлкелерге барып жүріп, туристер сувенир ретінде жергілікті шеберлердің жасаған түрлі бұйымдары сатып алады, ұлттық тамақтың дәмін татып көреді.

Кіші халықтардың тұрақтану орындары да қызықты этнографиялық материал болып табылады. Ондай жерлерде өзіндік мәдениетпен, тұрақтардың алуан түрлі формаларымен (чумдар, вигвамдар, сакля, киіз үй, т.б.), салт-дәстүрлермен танысуға болады. Мұндай тұрақтар Қиыр Солтүстіктегі ненецтерде, чукчаларда, Сібір мен Қиыр Шығыстағы коряктар, мансилар мен тағы басқаларда, сонымен қатар, Кавказдық көптеген таулық халықтары арасында да кездеседі.

Этнографиялық (фольклорлы) туризм тұрақты және оқиғалыққа айналуы мүмкін.

1. *Тұрақты орындағы туризм*: мысалы, жыл бойы өткізілетін (Мышкин қаласы, тұрақтардағы анимациялық турлар, т.б.), яғни бір жерде ғана, сонымен қатар, белгілі бір оқиғаларға (мерекелер, фестивальдар, карнавал, жарыстар, т.б.) орайластырып, нақты бір уақыт аралығы ішінде бір рет қана өткізілетін анимациялық бағдарламасы бар турлар.

2. *Оқиғалық-анимациялық туристік бағдарламалар* – бағдарламалық туризм өнімдерінің жаңаша түрі. Экскурсионды-танымдық және көрнекілік-көңіл көтерушілік бағдарламалар ортасында тұрған оқиғалық-

анимациялық турлар өзіне ең жақсы қасиеттерді жинақтаған. Бұл тек стандартты экскурсиялық көрсетілім ғана емес, бұл – туристті белгілі бір күнді тойлауға тарихи негізделген іс-әрекетке тарту.

Оқиғалық-анимациялық турлар – бағдарламалық туризмнің ерекше бір түрі. Оларды жоспарлау стандартты турөнімді құрастыруға карағанда, бірқатар өзіндік ерекшеліктерге ие, сондықтан да ерекше құрастыруды талап етеді. Турөнімнің бұл түрін құрастырудың ерекшелігі фольклорды, мәдениет, дәстүр, салттарды, ерекше күндерді тойлауды, наным-сенімдерді, олармен байланысты аңыздарды білуді, яғни онсыз оқиғалық бағдарлама болмайтын нәрселердің барлығын білуді талап етеді. Сонымен қатар, максималды ыңғайлы оқиғалық-анимациялық турды құрастыру кезінде қолданылатын қызметтерді тұтыну барысындағы, психологиялық және психофизиологиялық аспектілердің интеграциясы барысындағы белсенді іс-әрекетке туристерді тартуды мақсат етіп қоятын анимацияның әдістемесі мен технологиясын білу міндетті.

Қазақстанның бәсекелік артықшылығы бірегей мәдениетінде (мәдени-танымдық туризм), бай табиғи әлеуетінде (экологиялық туризм), өсіп келе жатқан іскерлік белсенділігінде (іскерлік туризм), сондай-ақ спорт және хикаялы (шұғыл) туризм сияқты демалыстың белсенді түрлерімен шұғылдану мүмкіндігінде.

Ішкі және сыртқы туризм саласында этнотуризмнің алатын орны ерекше. Қазақстандағы туризм дамуының болашағын айқындайтын шешуші факторлардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер

1 Экономические механизмы управления туристической деятельностью. // Монография – Шымкент, - 2008. – 126 бет. (бірлескен авторлықпен).

2 Постановление правительства Республики Казахстан от 6 марта 2001 г. №333. О Концепции развития туризма в Республике Казахстан.

3 Чумаков К. Этно-экологический туризм в сохранении природного и культурного наследия / К. Чумаков // Новая жизнь. – 2006.- № 5. – С. 15-16.

4 Токарев С.А. Этнографический туризм: учебное пособие / С.А. Токарев, М., 1978г.

**АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ
ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

*Ербол И.Е., педагогика магистрі, аға оқытушы
Инновациялық Еуразия университеті*

Мақалада ақпараттық және коммуникациялық технологияны оқыту үрдісінде қолдану ерекшеліктері қарастырылған.

В статье рассматриваются особенности использования информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе.

There are special methods of using informational and communicational technologies in studying process.

Адам әрекетінің дамуы төмендегідей компонент құрылымының өзгеруімен байланысты: пән, мақсаты, әрекет мазмұны, мақсатқа жету мен бұл әрекеттерді жүзеге асырудағы құралдар. Нәтижесінде дәстүрлі оқыту түрі қайта жаңғырып еңбек сферасында адам әрекетнің жаңа түрлері таным мен коммуникация пайда болады. Ақпараттық және коммуникациялық технологияның қазіргі таңдағы оқыту құралдары адам әрекетнің құралы ретінде. Ақпараттық және коммуникациялық технология оқыту құралдарын пайдалану жаңа оқу түрлерінің ойлау, шығармашылық әрекет пайда болуына әсер етті. Адам әрекетінің дамуы төмендегідей компонент құрылымының өзгеруімен байланысты: пән, мақсаты, әрекет мазмұны, мақсатқа жету мен бұл әрекеттерді жүзеге асырудағы құралдар. Нәтижесінде дәстүрлі оқыту түрі қайта жаңғырып еңбек сферасында адам әрекетнің жаңа түрлері таным мен коммуникация пайда болады. Ақпараттық және коммуникациялық технологияның қазіргі таңдағы оқыту құралдары адам әрекетнің құралы ретінде. Ақпараттық және коммуникациялық технология оқыту құралдарын пайдалану жаңа оқу түрлерінің ойлау, шығармашылық әрекет адамның психологиялық үрдісін тарихи дамуы мен постиндустралды қоғамға өту жағдайына байланысты әрекеттің тарихи принципін жасау және дамыту ретінде пайда болуына әсер етті. Білімді игеру жалпылау жүйесін қарастырады, ол білім мазмұнының негізгі құрамы. Выготскийдің Л.С. айтуынша «Жалпылау көрнекілік құрылымнан ойлау құрылымына, одан түсіну құрылымына өту. Ғылым негізін жалған түрде игеру мүмкін емес, білімді толық және саналы игеру үшін». Білімді қайта реформалаудың қиындығы, ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарын қазіргі дидактикалық жүйеге қосып білім саласында революция өз-өзінен жүреді десек қателескеніміз. Ақпараттық және коммуникациялық технологияны білім саласына енгізудің тарихи, психологиялық және

философиялық аспектілер мәселесі нақты оқу үрдісінің теориялық концепциясына сүйенеді. Ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарының табиғаты адамның психикалық құрылымының қалыптасуы мен дамуына әсер етіп, ойлау әрекетін қалыптастырады. Жалпы басқа коммуникация құралдарына – суреттер, кино, радио, телевидение жатады, олардың құрылымы басылым құрылымдарына қарағанда ерекше. Басылы ақпараттары сияқты образдар мен дыбыстар тыңдаушылардың ойын бір объектіден екіншіге бағыттамайды. Оның орнына олар өздеріне керкті мәліметтерді игеру. Баспа материалдары сияқты массалық коммуникацияның техникалық құралдары адамның танымын кеңейтуге мүмкіндік беріп, компьютер адамның ойлау потенциалын арттырып, ойлау әрекетінің құрылымына нақты өзгерістер енгізеді. Ақпараттық және коммуникациялық технология қалыптастырған оқыту ортасында ақпаратты интерпретациялау мен ұйымдастыру үрдісі негізгі болып табылады. Олар экран дисплейында кесте, график, сызбанұсқа және диаграмма, үрдістер бейнесі, түрлі-түсті суреттер ретінде көрінеді. Оқыту ортасы төмендегідей ойлау сипаттамсын: эксперимент өткізуге бейімділігі, икемділігі, байланыстылығы, құрылымдылығын қалыптастырады. Бұл сипаттамалар шығармашылық әрекет пен мәселені шешумен байланысты танымдық үрдістерге сәйкес. Осыдан құбылыс мәнін түсіну мен мәселені шешу тактикасын жаңадан қабылдау, ескі және жаңа ақпараттар арасындағы байланысты көрсету.

Г.К. Селевконың ойынша ақпараттық және коммуникациялық технологиян қалыптастырған оқыту жағдайы студенттердің ойлауын дамытуға әсер етіп, белгілі және белгісіз заңдылықтар мен байланыс жүйесін зерттеуге бағыттау. Компьютер көптеген құбылыстар мен заңдылықтарды түсінуге көмектесетін күшті құрал болып табылады, бірақта ол адамның ойлауын қысқартады. Білімін қарапайым түрде баяндау, бағдарлама тілін меңгеру, бағдарламаны өзінің құра алуы ақпараттық және коммуникациялық технология мүмкіндігін жүзеге асыра алудың тек бастапқы қадамы. Шыныменде ең тиімді оқыту болып коммуникация құраладрын қолдана отырып студенттерде жаңаша ойлау дағдысын қалыптастыру. Осыған байланысты ақпараттық және коммуникациялық технологияны қолдануға байланысты тек қана ойлау емес басқа да психологиялық функциялар: қабылдау, ес, эмоциялар қалыптасады. Білім үрдісінде ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарының кеңінен пайдалану мен білім салаларын ақпараттандыру жағдайында адамның психикалық функциясы мен әрекетін дамытуды концептуалды сипаттауда психологтар мен педагогтар алдында үлкен міндет тұр. Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану студенттердің ғылыми-танымының қалыптасуына, олардың ойлау мүмкіндіктерінің дамуына, мамандыққа даярлығын жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. Оқу үдерісінде

ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізінде студенттер қазіргі заманғы формальдау, модельдеу сияқты ғылыми таным әдістерін меңгереді. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар студент ойлауының формальды-логикалық және жүйелік формаларының дамуына, ғылыми-танымның жаңа әдістерін меңгерулеріне мүмкіндік жасайды. Сондықтан да, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселелері қазіргі кезде барлық білім саласында қарастырылады. Ақпараттық қоғам жағдайындағы білім беру жүйесінің басты талаптары мен жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеу еңбектерінің нәтижелерін ескере отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану бүгінгі күннің басты талабы, ал оның негізгі техникалық және педагогикалық мүмкіндіктерін дамыту маңызды болып саналады, сонымен қатар, одан әрі зерттеуді қажет етеді. Жалпы алғанда, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды білім беру саласында, әсіресе болашақ мамандарды құзырлылық парадигма деңгейінде дайындау және олардың бәсекелестік қабілеттерін дамытуда қолдану маңызды қажеттіліктердің бірі болып саналады. Осы қажеттіліктерге байланысты мынадай іс-әрекеттер орындалуы тиіс: 1) педагогикалық үдерісте ақпараттық және коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалана алатын кәсіби құзырлы педагог дайындау; 2) оқу орындарының ақпараттық және коммуникациялық технологиялар базаларын үнемі жаңартып отыру; 3) оқу-әдістемелік жұмыстарды білім берудің жаңа құндылық деңгейінде дамыту негізінде жүргізу. Қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер экономиканы, саясатты және әлеуметтік-мәдени саланы дамытудағы стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның ақпараттануы мен қарқынды дамуы жағдайында адамдардың жаңа әлеуметтік ролдерге ие болуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертіп, білімнің қоғамды жаңартуға қосар үлесін арттырды. Еліміздің ертеңгі болашақ ұрпағымызға сапалы білім берудің мақсаты - әр түрлі деңгейдегі жоспарланған жұмыстардың нәтижесіне жету. Жоғары деңгейде білім беру негізгі үш мақсатты көздейді.

Әлеуметтік мақсаты – бұл білім берудің ішкі, сондай-ақ сыртқы әлеуметтік және табиғи себептері мен психологиялық, психофизиологиялық қиыншылықтарды жеңуге көмек беру.

Классикалық мақсаты – мәдени өсу бағытында рефлексия қалыптастыру, өзіндік білім және жауапкершілікті жеке тұлғаны дамытуға жағдай жасау.

Нақты мақсаты – бұл қызметтік мақсат. Ол кәсіби білім мен өмірге пайдалы дағдылар мен біліктілікті қабылдау, белгілі кәсіптік пен әлеуметтік мақсатқа жету, өмірде өзінің лайықты орнын табуына және

кез-келген салада білікті маман, менеджер, қызметкер болып қалыптасуына жағдай жасау.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында сауатсыздықпен күрес жүргізілгендей, компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске азаматтарды тарту қажеттігі айтылған және мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті және электрондық поштаны қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс екендігі де атап көрсетілген. Осыған байланысты ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыра компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, интерактивті тақта, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Ақпараттық және коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық және коммуникациялық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты. Аталған бағыттарды дамыту үшін нормативтік-құқықтық, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық жағынан қамтамасыздандыру педагог мамандары даярлаудың негізгі бағыттарының біріне айналып отыр.

Білім беруді қайта құруда оқытушыдан үлкен дайындықты талап етеді. Олай болса, олардың жеке тұлғалық қасиеттері мен мамандық құзырлықтарына жоғары талап қойылады. Бүгінгі күні оқытушы білім беру жүйесіндегі кез келген қайта құрулардағы педагогикалық процесстік негізгі субъектісіне айналып отыр. Жаңа типті білім беру мекемелеріне кез-келген технологияны жан-жақты меңгерген және оны студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға шебер пайдалана білетін құзырлы маман қажет. Ғылыми-техникалық прогресстің қарқындап дамуы қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналдыруға мүмкіндік береді. Ақпараттық және коммуникациялық технологияның жеделдеп даму барысына қоғамның экономикалық жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Ақпараттық және коммуникациялық технологияның қарқындап дамуы кез-келген жеке тұлғаның әлемдік-ақпараттық кеңістікке енуіне мүмкіндік береді. Ақпараттық процесстерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы есептеу техникалары біртұтас күрделі жүйе болып табылады. Сол себепті, педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруда ақпараттық және коммуникациялық технологияны оқып-үйрену және оны қолдану күрделі процесс болып табылады. Оқыту үрдісінде ақпараттық және

коммуникациялық технологияны қолдану оқытушы мен студент қарым-қатынасының бұрынғы қалыптасқан жүйесін, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын үлкен өзгеріске ұшыратады. Қалыпты білім беру жүйесінде оқытушы-студент-оқулық түрінде құрылған үш жақты байланыс бұзылып, оқытушы-студент-компьютер-оқулық жүйесі пайда болды. Мұндай жүйеде білім беру, оқыту процесінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талаптарды қайта қарап, жетілдіріп, жүйелеуді талап етеді. Әрбір елдің технологиялық даму дәрежесіне оның экономикалық қуаты мен халқының тұрмыс деңгейі ғана емес, сол елдің әлемдік қоғамдықта алатын орны, басқа елдермен экономикалық және саяси ықпалдасу мүмкіндіктері, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шешу де байланысты. Сонымен қатар, әлдебір елде қазіргі технологияның дамуы мен қолданылуының деңгейі оның материалдық базасының дамуымен ғана емес, негізінен қоғамды парасаттандыру деңгейімен, оның жаңа білімді туындату, игеру және қолдана білу қабілетімен де анықталады. Қазіргі заман оқытушысынан тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Еліміздің кепілі, болашақ тірегі жоғары оқу орындарының білім деңгейін көтеру және онда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, оқытушылардың, басшылардың, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде болашақ оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, ақпараттық және коммуникациялық технологияны меңгеруге оқытушыларды даярлау – олардың кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және педагогтың жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден арылуға тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог зерттеуші, ойшыл оқытушы болуын қажет етеді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды

мәселелердің бірі. Өйткені, жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге оқытушыларды даярлау – олардың кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және педагогтың жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағымы күшейген ХХІ ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру жоғары мектептің басты міндеті болып саналады. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдердің қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы басты міндет – әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестірумен оларды жүзеге асыра алатын маман даярлау.

Білім беру орындарында оқу үрдісін бүгінгі күнге лайықтап өзгерту – заман талабы. Білім беру үрдісін ақпараттандыру жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатыуды көздейді.

УДК 356.21

ДИНИ ПРОЦЕСТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ

(Павлодар облысы бойынша)

Жакишева А.А., «Тарих, география және әлеуметтік пәндер»

кафедрасының аға оқытушысы, әлеуметтану магистрі

Инновациялық Еуразия университеті, (Павлодар қ.)

Дін – қоғам мен мемлекетті, ұлттар мен ұлыстарды ортақ идеялар мен құндылықтар төңірегіне топтастыратын сенім болумен қатар, бір мезгілде әлеуметтік алауыздықтар мен қайшылықтарға түрткі беретін өте нәзік әрі асқан ыждаһаттылықты талап ететін сфера. Ал қазіргі кездегі өркендеп келе жатқан уыздай жас жеткіншектеріміздің болашағына балта шабатын, 130-дан аса ұлтты ұясына қондырып, тұтастық пен бейбітшілікті санасына сіңіріп отырған мемлекетіміздің саяси-әлеуметтік әлсіреуіне негіз болатын діни экстремизм деген не? Еліміз бойынша көптеген ұлттарды шаңырағының астына алып отырған өндірістің ошағы іспетті Павлодар облысындағы діни бірлестіктер саны қанша және дінге қатысты мәселелер қалайша өрбуде? Жастарға бұл қалай әсер етуде, және оның алдын алу жолдары қалай жүргізіліп жатқандығы кез келген азаматты мазалауы тиіс. Қазіргі жастарымыз, яғни қазақ елінің керегесін тең ұстар, болашаққа теңдесіз жетістіктермен жетер, дәстүрлі дінің

сақтап, отанына қызмет етер жастарымыз экстремистік жолға салынса ел келешегі не болмақ? Жалпы жастарымыз қандай діни ағымдардың құрсауында жүр? -деген сияқты күрделі сұрақтар қазіргі қоғамды толғандырамыз анық [1, б. 194].

Еліміздегі 40-тан астам конфессиялар мен деноминациялардан шыққан діни бірлестіктердің жалпы саны 4551 болып отыр. Бұл көрсеткіш 1990 жылы бар болғаны 670 ғана еді. Өндіріс ошағының қаласы Павлодар облысында діни бірлестіктердің саны 1990 жылдары бар болғаны 9 ғана болса, қазір олардың саны 175-ке жеткен. Бұл дегеніміз 90 жылдармен салыстырғанда облысымыздағы діни бірлестіктердің саны 5,14%-ға көбейгенін көрсетіп отыр. Қазіргі кездегі Павлодар облысында діни бірлестіктердің 55,43% мұсылмандық, 27,43% протестанттық, 9,71% православтық, 4,57% католиктік, 2,29% дәстүрлі емес діндер, 0,57% иудейлік діндер құрайды [3, б. 31-35].



Сурет 1 – Облыстағы конфессиялық құрылымдардың көрсеткіші

Еліміздің беріктігіне кері әсер ететін діни ұйымдармен күресу – бүгінгі күннің көкейтесті мәселесі. «Хизб-ут Тахрир», «Аухаби», «Такфир», «Таблиғ-и-жамағат» және тағы басқа діни экстремистік ұйымдардың кері әсерінен халықты адасудан сақтандыру біздің басты мақсатымыз. Ал Павлодар облысында «Бахаи сенімі», «Кришна санасы қоғамы», «Вайшнавтар», «Аль-Жан-Дом» сияқты дәстүрлі емес діни бірлестіктер шоғырланған [2,б.7-8].

Қазақстанда түрлі дәстүрлі емес культтар саны өсуде. Атап айтсақ, 1990 жылдары жаңа культтар саны 10-нан сәл асатын болса қазіргі уақытта жаңа культтардың саны 160-тан асады. Павлодар облысында 2011 жылдың 1 желтоқсанындағы мәліметтер бойынша шет елдік

миссионерлердің саны 13 болса, ал культтық құрылыстардың саны 133-ке жеткен. "Кришна санасы қоғамы", "Соңғы өсиет шіркеуі", "Жаңа аспан", "Жаңа өмір шіркеуі" сынды ХХ ғасырдың наным-сенімдері үгіт-насихат жұмыстарын түрлі мерекелік және қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастыру арқылы жүргізуде. Мысалы, Павлодар облысында протестанттағы харизматикалық бағыттағы "Жаңа өмір шіркеуінің" діни бірлестіктер саны 4, заңды түрде тіркелгендердің саны 3, культтық бірлестіктерінің саны 3. Дәстүрлі емес діннің еліміздің қауіпсіздігіне тигізер теріс әсері зор. Мәселен, «Иегово куәгерлері» әскер қатарында азаматтық борышын өтеуге қарсы үгіттейді. Ал осындай ел болашағына қауіпі бар «Иегово куәгерлерінің» Павлодар облысындағы діни бірлестіктерінің саны 3 [4,б.2-12].

Ал облысымыздағы қалалар мен аудандардағы діни бірлестіктер туралы мәліметтерге көз жүгіртсек: облысымыздағы үш негізгі ірі орталықтарымыз Павлодар қаласы бойынша жалпы діни бірлестіктердің саны 41, Екібастұз қаласында 21, Ақсу қаласында 16. Ал облыс бойынша ислами бірлестіктердің саны 100 құрап отыр.

Кесте 1 – Конфессиалдық құрылымдар

Қала, Аудан	Конфессиалдық құрылымдар															
	Ислам	Православтық	Католиктік	Евангельстік	христианлық-баптистер	Лютеран	Әдіскерлер	Адвентисттер жетінші	Иегова куәгерлері	Пятидесятники	Грейс-Благодагь	Жаңа өмір шіркеуі	Исус Христос шіркеуі	Өзге протестанттық	Дәстүрлі емес діндер	Иудаизм
Павлодар қаласы	13	4	2	3	2	2	1	1	1	3	1	1	2	4	1	41
Екібастұз қаласы	9	2	2	2			1	1	2	1	1		1			21
Ақсу қаласы	7	1	1	2			1	1		1	2					16
Ақтоғай ауданы	7	1														8
Баянауыл ауданы	11															11

Железин ка ауданы	3	1														4
Ертіс ауданы	9	1														10
Қашыр ауданы	7	2	1	1			1									11
Лебяж ауданы	9	1		1												11
Май ауданы	9															9
Павлода р ауданы	7	1	1	2	3		2									16
Успенка ауданы	4	2		2												8
Шарбақт ы ауданы	5	1	1	1			1			1						10
Облыс бойынша	100	17	8	14	5	2	7	3	3	6	4	1	3	4	1	178

Діни секталардың арбауына түспеу үшін не істеу керек?

Әрине мұндай жағдайлар үрей тудыратыны сөзсіз. Басқа елдерден келген діни конфессиялардың елімізге үгіт-насихат жұмыстарын жасаудағы мақсаты не? Еліміздегі ұлттарға қажеті бар ма? Олардың іс-әрекеттері мемлекеттің заңдарына қайшы емес пе? Жастардың болашағына, мемлекеттің қауіпсіздігіне, саяси тұрақтылығына нұқсан келтірмей ме?

Міне, осындай сұрақтар кез-келген азаматтың, елдің қамын, болашағын, мемлекеттің тұтастығын, ынтымақтастығын ойлаған саналы тұлғаның ой толғандыратын мәселесі. Діни секталардың арбауы мен шырғауына түсіп қалмас үшін оның алдын алуда мынандай бағыттарды ұсынар едім.

Діни секталарды тіркеуге алу ҚР Әділет министрлігі, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы, бұқаралық ақпарат құралдары, құқық қорғау органдары, жергілікті әкімдіктер, жоғары оқу орындары, мектеп, ата-аналар діни секталардың арбауына түспес үшін мынадай шаралар жүргізуі қажет:

- біріншіден - Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы діни секталарға қарсы мешіттерде діни секталардың шынайы бет-пердесін ашып беруі, діни басқармада және әрбір облыс мешіттерінде діни танымдық газет-журналдар ашуы, жастардың діни сауатын ашу үшін 1-2-3-айлық курстарын ұйымдастыруы;

- екіншіден- бұқаралық ақпарат құралдары діни секталардың заңсыз және жағымсыз іс-әрекеттерін халыққа дер кезінде және шынайы түрде баяндап отыруы, беделді дін танушы ғалымдарының діни мәселелер, имандылық тақырыптарындағы бағдарламаларын ұйымдастыруы қажет, теледидардан бейнероликтерді көрсету;

- үшіншіден-әрбір жоғары оқу орындарында университет, ұжым болып діни секталардың лаңкестік іс-әрекеттеріне қарсы семинарлар, лекциялар ұйымдастыруы.

Мысал оқу орыны Инновациялық Еуразия Университетінде бұл мәселеге көп көңіл бөлінуде. Университет басшылары дінге қатысты қайшылықтардың жастар арасында болдырмау мәселелерін үнемі қадағалап, студенттердің толық білім алып жан-жақты дамуына барлық жағдайлар жасалған. Облыс көлемі, университет тарапында осы тақырыпта дін басшылары, қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінің қатысуымен дөңгелек үстел, лекциялар, дебат, кинофильмдер, кураторлық сағаттар жиі өткізіледі. Университеттің «Қоғамдық-тарихи пәндер» кафедрасы көбіне осындай шараларды жиі ұйымдастырады. Кафедра оқытушылары «Әлем діндерінің тарихы» атты пәнді барлық мамандықтарда оқу жүктемесіне енгізуді жоспарлап отыр. Осындай бағыттағы жоспарлар еліміздің басқа да облыстарында жүзеге асса деймін:

- төртіншіден- мектептерде мектеп ұжымы, сынып жетекшілері де жас буынға аптасына бір рет дін негіздері, имандылық, әдеп сабақтарын жүргізуі.

- бесіншіден- әрбір ата-ана баласын күнделікті қадағалап, тәртібіне, сабағына, жүрген ортасына, немен айналысып жүргеніне мән беруі, имандылық пен инабаттылықты жастайынан бойына сіңіру қажет.

Қорытындылай келгенде діни-қауіпсіздік бейбітшілік пен қауымдастықтың белгісі екенін естен шығармауымыз қажет. Елдің тыныштығы, бірлігі, ынтымағы, қауіпсіздігі жарқын өмірдің болашағы болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Ж. Алтай, А. Қасабек Философия тарихы. Алматы, 1999 194 б.
- 2 Сарыарқа самалы // №112, 2011 ж. 7-8 б.
- 3 Қ. Жолдыбайұлы Дін мен діл. Алматы, 2010 31-35 б.
- 4 Қ.Д.Болтина, Л.Қ. Шевелева Ертістің Павлодар өңіріндегі исламның тарихынан. Павлодар, 2001 2-12 б.

**«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ
ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР»**

VII педагогикалық оқулардың

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

VII педагогических чтений
**«ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СИСТЕМЕ
СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ»**

Ответственная за выпуск: Русина Л.Н.
Компьютерная верстка: Овдиенко Ю.С.

Сдано в набор 25.12.2013 г. Подписано в печать 27.12.2013 г.
Формат 64 х80 1/16. Усл. печ. лист. 24,62
Заказ № 85 Тираж 80 экз.

Отпечатано в типографии редакционно-издательского отдела
Инновационного Евразийского университета
140003, Павлодар, ул. М. Горького 102/4
тел. (7182) 57-49-65

*За ошибки в авторском тексте
редакция ответственности не несет*